

4

«Қызылорда»
атауын ұсынған
қайраткер

6

Озат
күрішші

Сыр бойы

№157 (21033) 16 қазан, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Қадірлі жерлестер!
Құрметті сырбойлықтар!**

Баршаңызды Алаштың анасы атанған Қызылорданың ел астанасы болғанына 100 жыл толу мерейтойымен, қала күні мерекесімен құттықтаймын.

Қасиетті Сыр өңірі – астаналар мекені, ұлт руханияты мен мәдениетінің алтын діңгегі.

Ежелгі Сақ заманындағы Шірік-Рабат, Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент, Ақ Орда мен Қазақ хандығының астанасы Сығанақ қаласы, Қазақ автономиялық кеңестік республикасының астанасы Қызылорда – соның айқын дәлелі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Биыл ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толып отыр. Халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы да бір ғасыр бұрын қайтарылды. Ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек. Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс» деген болатын.

Қазақ Республикасының алғашқы астанасы болған Қызылордада мемлекеттілігіміздің негізі қаланды.

Сол кезеңде еліміздің саяси, мәдени-рухани орталығына айналды. Ұлттық өнер мен ғылымның, білім мен баспасөздің алтын қазығы осында қағылды.

Шежірелі шаһарымыздың елдік асыл мұраты, жасампаз жолы қалыптасты. Тілегі мен мақсаты ортақ Алаш арыстары ұлт мүддесі үшін тәуелсіз ел болудың жолына топтасты.

Еңбекқор әрі елжанды халқымыздың бірлігі мен берекесінің арқасында дария бойында бүгінде дамыған әсем қала бой көтеруде.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірі қарыштап өсіп-өркендеуде. Соңғы үш жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды. Биыл 720 млрд теңге тартылады.

Облыс бюджеті 851 млрд 300 млн теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті.

Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындарымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Жыл сайын жаңа жобалар жүзеге асырылып, Сырдың бас қаласы қарқынды құрылыс алаңына айналууда. Заманауи өндіріс орындары ашылып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беруде. Халыққа қажетті көптеген әлеуметтік нысандар салынып, ел игілігіне табысталууда.

Халықтың жайлы өмір сүру сапасын арттырып, тағылымы мол тарихи жылда толайым табыстарға қол жеткіздік. Бұл – барша жерлестеріміздің жұмыла көтерген жүгінің ортақ жемісі.

Ғаламат ғасырдың куәсі болған сүйікті қаламыз күн сайын көркейіп, жыл сайын жаңарып, абыройы асқақтай берсін!

Тарих тоғысында болашақтың негізі қаланған мекен – ару Қызылорданың келешегі кемел болсын!




Туған жеріміз, әсем қаламыз мәңгі жасай берсін!

Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

Егемен еліміздің өңсесі биік, Тәуелсіздігі тұғырлы болғай!

**Құрметпен,
Қызылорда облысының әкімі
Н. НӘЛІБАЕВ**

АСЫЛ БОЛМЫС АЛАШТЫҢ АСТАНАСЫ



КЕШЕ МЕН БҮГІН АРАСЫ

Дария бойындағы қазақтардың Қамысқала атты елді мекенінен Қоқан хандығы 1817 жылы Ресей мен басқа да сыртқы басқыншылықтан қорғану үшін бекініс салған болатын.

1818 жылы жұртшылық жаңа бекіністі орталығындағы қабырғасын ақ матамен жабулаған алыстан көрінетін мешітке байланыстырып, «Ақмешіт» деп атап кетті.

1853 жылы 28 маусымда Орынбор генерал-губернаторы басшылық жасаған орыс әскерлері бірнеше күн қоршап, зеңбірек атқылап, Ақмешітті басып алды. Олар біз жергілікті қазақтарды Қоқан билігінен азат етеміз деп өз басқыншылық пиғылдарын бүркемелей келді. Осылайша Ресей патшасы Қоқан және Хиуа хандықтарына қысым көрсетуге мүмкіндік алды. Орыс патшасының сыртқы саясатының маңызын арттыра түсті.

3-бет



Фото: Ашық дереккөзден

Мерекелік шаралардың БАҒДАРЛАМАСЫ		
17 ҚАЗАН		
09.00	“Қызылорданың астаналық кезеңі: тарих пен тағзым” атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы	Қызылорда облысы әкімінің 2 кабинеті, Г блог
11.00	“Алтын құз” ауыл шаруашылығы үлгістері мен өндіріс орындарын марапаттау бойынша салтанатты жиын	Өнер орталығы
19.00	Қызылорда қаласының астана болғанына және қазақ атауының қайтарылғанына 100 жыл толуына орай “Қала күні” мерекесіне арналған ГАЛА КОНЦЕРТ	Сол жағалаудағы “Қайсар арена” стадионы
18 ҚАЗАН		
09.00	Қызылорда қаласы мен барлық аудандарының тауар өндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі	Қызылорда қаласының молтек аудандары (арнайы белгіленген орындарда)
10.00	Ат байресті	Қалалық ипподром



Валюта бағамы \$ 538,63 kzt

€ 622,23 kzt

₸ 6,71 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +18° 🌙 +3°

Жұма ☀️ +21° 🌙 +3°

///ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТАЛАП АРТА ТҮСЕР ШАҚ



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің қаңтар-қыркүйек айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы, республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары, Үкімет қаулылары қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелерге орай бағыт-бағдар белгіленіп, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

– Бюджетті толық әрі уақытылы игеруіміз, өңірімізге қатысты нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштердің өсімін қамтамасыз етуіміз керек. Жұмыс тиісті деңгейде орындалмаған жағдайда бірінші басшылардың жауапкер-

шілігі қаралатынын қатаң ескертемін.

Қазіргі өзекті мәселенің бірі – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру. Бағаны күнделікті қатаң бақылауда ұстаныңдар. Өнімдерді тиімді өткізу үшін әлеуметтік дүкендер қызметін жетілдіруге қатысты нақты ұсыныс беріңіздер.

Одан бөлек, «Байқоңыр» ӘКК АҚ өңірлік тұрақтандыру қорына арзан бағамен өнімдер сатып алуда. Қала,

аудан әкімдіктері, кестеге сәйкес әр айға бөлінген өнімді жеткізіп, тұрғындарға белгіленген бағамен сатуды ұйымдастырыңыздар, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Сондай-ақ алдағы күндерде маңызды іс-шаралар өтетінін айтып, бұл ретте қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын ерекше бақылауда ұстауды тапсырды. Адам көп шоғырланатын орындарда кезекшілік ұйымдастырып, қауіпсіздікті күшейту керек. Коммуналдық қызметтер үздіксіз жұмыс істеуі тиіс. Әсіресе, газ, су, электр желілері жұмысының тұрақтылығын, көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарға жылуудың толық берілуін бақылауда ұстау қажеттігін тағы бір ескертті облыс әкімі.

///ПРЕСС ТУР

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ:ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Жылу беру маусымы – қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды қажет ететін кезең. Маусым басталған сәттен облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мамандары өрттің алдын алу мақсатында тұрғындармен тығыз жұмыс істейді. Биыл да бұл шаралар жалғасын тапты. Осы орайда жауапты сала мамандары БАҚ өкілдерімен бірлесіп арнайы пресс тур ұйымдастырды. Қала іргесінде орналасқан «Сабалақ» елді мекенінің тұрғындарына түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, әлеуметтік жағынан осал топқа жататын отбасылардың үйіне көмірқышқыл газын анықтайтын құрылғы (датчик) орнатылды.



Жылу беру маусымы басталған кезде тұрғындар өрт және газ қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше мән беруі керек. Сақтық шараларын уақытында қолға алу төтенше жағдайдың алдын алуға көмектеседі. Өрттің алдын алуда өңірде атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды. Бұл туралы ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Асхат Оразбеков кеңінен айтып берді.

– Облыс көлемінде жылу беру маусымының басталуына байланысты тиісті шаралар ұйымдастырылуда. Оның ішінде бұйрыққа сәйкес өрт қауіпсіздігі айлығы бекітілді. Әр аптаның сәрсенбі, жұма, сенбі күндері қызметкерлер тұрғын үйлерді аралап, мұржа тазалап, датчик орнатуда.

Қазіргі таңда облыс көлемінде 352 өрт оқиғасы тіркелсе, оның 204-і тұрғын үй секторында болған. Өрттің шығу себебі – электр желілерінің қысқаша тұйықталуы, от жағатын пештің ақауы. Осыған байланысты тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, өрттің алдын алу шаралары күшейтілуде. Сондай-ақ төтенше жағдайлар, полиция департаменті мен түрлі волонтерлық ұйым өкілдері және жергілікті әкімшілік қызметкерлерімен бірлесіп өрттің алдын алу мақсатында тұрмыс мен отбасыларды аралау-дамыз. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы өңірде аз қамтылған,

көпбалалы, мүгедектігі бар 6825 тұрғын үй тізімін нақтылады. Осы тізім бойынша түсіндіру жұмыстары жалғасуда, – деді басқарма бастығы. Мұнан кейін арнайы топ «Сабалақ» саяжайының тұрғыны Гүлзира Омарованың үйіне барып, жылу жүйелері мен қондырғыларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауды, кішкентай балаларды ересектердің қарауынсыз қалдырмауды ескертті. Көпбалалы ананың үйіне көмірқышқыл газы шыққан жағдайда сигнал беретін қондырғыны орнатты.

Жылу беру маусымы кезінде қатты отынмен жылытылатын тұрғын үйлерде тұрғындар қауіпсіздік талаптарын сақтамау салдарынан өрт оқиғаларына ұшырап, көмірқышқыл газынан уланып қалатын жағдайлар кездеседі. Осыған байланысты мамандар тұрғындарға үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, пештің қауіпсіз болуы үшін мұржаны тұрақты түрде тазалап отыруды ескертті. Қызметкерлер арнайы құрылғы арқылы мұржа тазалау жұмыстарын да жүргізді.

Келесі тұрғын үйдің иесі Дүйсенкүл Асановаға департамент қызметкерлері пештің талапқа сай жабдықталғанын айтып, тек алдыңғы бөлігіне қауіпсіздік үшін от пен шокка төзімді зат қоюын ескертті. Үй иелеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізгеннен кейін, арнайы қондырғыны орнатты.

Одан әрі саяжайдың шет аумағында орналасқан Төңірберген Жүсіпов ақсақалдың үйіне бардық.

– Қазір жылу беру маусымы басталды. Қысқа ерте қамдандық. Пешті тексеріп, мұржаны тазаладық. Бір үйде балаларым, немерелеріммен бірге тұрамын. Кішкентайларды үйде жалғыз қалдырмаймыз. Өрт – тілсіз жау. Қауіпсіздік шараларына мән бермесең оқыс оқиға болуы мүмкін. Сол себепті пешті де, мұржаны да үнемі тазартып отырамыз. Бұдан бөлек, жауапты мамандар да үнемі түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Бастысы, сақтық шарасын естен шығармаған жөн, – дейді ол.

Басқарма бастығы Асхат Оразбеков әр тұрғынмен кездескен кезде өрттің басым бөлігі ережені ескермеу, ашық отты пайдалану, ақауы бар электр бұйымын қолдану салдарынан екенін айтып, оқыс жағдайдың алдын алып, сақ болуға шақырды. Мұндай түсіндірме жұмыстары жыл бойы жалғаса беретінін де жеткізді.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті ұсынған ақпаратқа зер салсақ, былтырғы жылу беру маусымында облыста тұрғын үй секторында 120 өрт оқиғасы тіркелген. Одан 4 адам қаза тапса, 3-еуі жарақат алған. Ал табиғи газдан улану салдарынан 3 адам қаза тауып, 5 адам жарақаттанған. Көмірқышқыл газынан улану дерегі тіркелмеген.

Өрттің алдын алу үшін департамент қызметкерлері «Өрт қауіпсіздігі айлығын өткізу туралы» бұйрық негізінде 15 тамыздан бастап әлеуметтік осал топқа жататын тұрғын үйлерді аралауға кіріскен. Сондай-ақ Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына арналған «30 игі іс» шарасы аясында жалғызбасты қарттар, мүгедектігі бар тұрғындардың жылыту пештерін жөндеу, мұржасын тазалауды қолға алды. Жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік жағынан осал топтағы тұрғындардың үйіне 484 қондырғы орнатылды. Қондырғы уланудың алдын алуға көмектеседі. Түсіндірме жұмыстары барысында 8000-нан астам тұрғын үйді аралап, 31 мың адамға үгіт-насихат жұмысы жүргізілді. Көпқабатты тұрғын үй аулаларында да 132 рет кездесу ұйымдастырылып, оларға электр және газ баллон жабдығын, газ пешті орнату, қолдану барысындағы қауіпсіздік шараларын ескеруді түсіндірді.

Түйгеніміз, өрт қауіпсіздігінің кепілі сақтық шараларын ұстанудан басталады. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері жыл сайын жылу беру маусымы басталар алдында адам өмірі мен денсаулығы, мүлкі және қоршаған ортаны өрттен қорғау бойынша іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Биыл да бұл жұмыс жалғасын табуда. Оған пресс тур барысында көз жеткіздік.

Дегенмен өрт оқиғасы тыйыммай тұр. Оған адамдардың қарапайым қауіпсіздік шарасын ұстанбауы себеп. Сол үшін жауапкершілікті әр тұрғын өзінен бастауы тиіс.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Аудан жаңалықтары



БЮДЖЕТТІҢ ИГЕРІЛУІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қала әкімі Нұржан Ахатов бюджет қаражатының игерілуін және негізгі макрокөрсеткіштердің уақытылы орындалуы мен алдағы міндеттерді пысықтады.

– Экономикалық өсімнің, бюджеттік түсімдердің, инвестициялық және әлеуметтік көрсеткіштердің орындалу деңгейі – қала дамуының айнасы. Сондықтан бүгінгі отырыста негізгі салалар бойынша қол жеткен нәтижелерді, кемшіліктерді саралап, жыл соңына дейін орындалуы тиіс шараларды айқындауымыз қажет, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Бюджет қаражатын игеру – күн тәртібінде тұрған маңызды мәселе. Жиында қаржы игеруде көрсеткіштерге жол бермеу керектігі айтылып, жауаптыларға талдау жасау тапсырылды.

СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі аудандық комиссияның кезекті отырысы өтті. Оған аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев төрағалық етіп, Сексеуіл және Жақсықылыш кенті әкімі аппараттарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында атқарған жұмыстары қаралды.

Көтерілген мәселеге сәйкес кент әкімдері хабарлама жасады. Олар 9 айдың қорытындысы бойынша жергілікті әкімдік тарапынан атқарылған жұмыстарды баяндады.

Аудан әкімі халықтың талап-тілегін тыңдау және арыз-шағымдармен жұмыс істеу барысында жол берілген кемшіліктерге тоқталып, алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмысты жандандырудың маңызын атап өтті.

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРДІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлерді аралап, ондағы мәселелердің шешілу жолдарын қарастырды.

Алдымен тиісті сала басшыларымен бірге «Мелиоратор» шағын ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлерді көрді. Әйтеке би кентінің әкімі мен жауапты сала басшыларына тұрғын үйлердің шатырын ауыстыру, ішкі көшелерге асфальт төсеу, жаяу жүргіншілер жолын салуға арнайы жоба әзірлеп, үйлестіруді тапсырды. Сонымен қатар кент әкіміне шағын ауданның тазалығына қатысты тапсырмалар берді.

СПОРТШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Жандос Еркінбек жауынгерлік самбо және қазақ күресі бойынша халықаралық және республикалық жарыстарда топ жарған жеңімпаздарды қабылдады.

Спортшылар Тәжікстан Республикасының Душанбе қаласында өткен ересектер арасындағы жауынгерлік самбодан Әлем кубогында және Алматы облысы Үшқоңыр ауылында ұйымдастырылған «Ақ бидай» республикалық турнирінде қазақ күресінен жеңіс тұғырынан көрініп, аудан мерейін асқақтатқан болатын.

– Сіздер өз еңбектеріңізбен жастарға үлгі болып, спорттың ел ішіндегі мәртебесін көтеріп, ұлттық рухты нығайтуға сүбелі үлес қосып келесіздер. Спорттағы әрбір жетістіктеріңіз – ауданымыздағы жүйелі жұмыстың айқын дәлелі. Біз бұдан әрі де спорт инфрақұрылымын дамыту, бұқаралық спортты қолдау бағытындағы жұмыстарды күшейтеміз, – деді аудан әкімі.

АРДАГЕР-ҰСТАЗДАР «РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫНДА»

«Руханият орталығында» аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов «Тәрбие негізі – ұлттық құндылықта» атты облыстық семинарға қатысушы ардагер-ұстаздарды күтіп алды.

Облыстың әр ауданынан жиналған ардагер-ұстаздар «Руханият орталығын» аралап, оның ішінде өлкетану музейін, ардагерлер кеңесі, үкіметтік емес ұйымдар қызметі, қоғамдық келісім мен әйелдер кеңесінің жұмыстарымен танысты.

Кездесу барысында ардагер-ұстаздар орталықтағы тарихи жәдігерлерді, тарихтан сыр шертетін мұраларды көріп, рухани құндылықтардың жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы туралы пікір бөлісіп, атқарылып жатқан игі істерге оң бағасын берді.

ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ ОРЫНДА

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары коммуналдық базар және «Серікбол» сауда үйі басшыларымен кездесті.

Оларға нысандарды арнайы күзет агенттіктерімен келісімшартқа отырып күзетшімен қамтамасыз ету, дабыл қондырғысын орнату, есік-терезелерді темір тормен қаптау және бейнебақылау камераларын орнату жөнінде түсіндірме жүргізді.

ЖЕКЕ МӘСЕЛЕПЕР ҚАРАЛДЫ

Шиелі ауданының әкімі Айтбай Жандарбеков аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Онда тұрғын үй, жер алу, тұрақты жұмысқа орналасу және өзге де әлеуметтік мәселелер көтерілді. Аудан басшысы әр келушінің өтінішін мұқият тыңдап, заң аясында түсіндіріп, шешу жолдарын қарастырды.

Жұмыс сұраған азаматтарға аудандағы мекемелер мен кәсіпкерлік нысандардағы бос жұмыс орындары ұсынылды. Қоғамдық жұмыстар мен қайта даярлау курстарына қатысу мүмкіндіктері қарастырылды.

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Аудан әкімдігі, полиция бөлімі, білім бөлімі және білім беру ұйымдары өкілдерінің қатысуымен түнгі рейд ұйымдастырылды.

Рейд барысында халық көп шоғырланатын орындарда нысан иелері мен тұрғындарға заң талаптарын түсіндіріліп, құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары жүргізілді. Негізгі мақсат – кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу.

Дайындаған
Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінен



АСЫЛ БОЛМЫС АЛАШТЫҢ Астанасы

Осы жылы генерал В.А.Перовскийдің құрметіне бекініс «Перовск порты» деп аталды. 1867 жылы Перовскіге қала мәртебесі беріліп, уезд орталығына айналды.

1901-1906 жылдары қала үстімен Орынбор-Ташкент теміржолы жүргізілді, депо, осы бүгінгі вокзал үйі салынды.

Кенес өкіметі 1917 жылы 30 қазанда Қазақстанда ең бірінші осы Перовскіде орнады. 1922 жылы қаланың Ақмешіт атауы қайтарылды.

1925 жылдың 15 сәуірінде Ақмешітте Қазақ АССР Кеңестерінің 5-съезі ашылып, онда «Киргиз республикасын» «Қазақ республикасы» деп атауға қаулы қабылданды және Ақмешітке Қоңырқожа Қожықовтың ұсынысымен Қызылорда атауы берілді. Бұл «қызыл өкіметтің ордасы» дегенді білдірмейді. «Қызыл» сөзін «Қорқыт ата кітабында», Шайбани хан сөздігінде, Хорезм дәуірі ескерткіштерінде «алтын» мағынасында қолданады. «Алтын көрсе періште жолдан таяр» деген мақалды түркімендер «қызыл көрсе қызыр жолдан таяр» дейді. Сонда Алаш арыстарының астарлы ойында «Алтын орда» деген атау тұрғаны белгілі.

Осы жылдары А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Т.Жүргенов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, І.Жансүгіров, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, т.б. Алаш зиялылары Қызылордада жұмыс істеді.

Кейбір деректерде айтылып жүргендей, Қазақстанның алғашқы астанасы – Орынбор емес, Қызылорда. Себебі Орынборға астана мәртебесі берілмеген, ол әкімшілік орталық болды. Сөйтіп, өз тарихында Қызылорда 1818 жылы Ақмешіт, 1867 жылы Перовск, 1922 жылы қайтадан Ақмешіт, 1925 жылы Қызылорда болып бірнеше рет өзгерді.

1938 жылы Қызылорда облыс орталығына айналды. Сол жылдары қалада электр стансасы, диірмен, наубайханалар, балық, құрш, кірпіш зауыты жұмыс істеп тұрды.

Соғыстан кейінгі жылдары аяқкиім фабрикасы, ет комбинаты, астық өнімдері комбинаты, сүт зауыты, целлюлоза-картон зауыты, тоқылмайтын маталар фабрикасы, басқа да өндіріс орындары іске қосылды. Қалаға «Гагарин», «Титов» деп аталған шет аймақтар қосылды. Оқу орындары мен мәдениет ошақтары салынды. 1980-1990 жылдары қалада сәнді үйлер сап түзеді, биік, еңселі ғимараттар бой көтерді.

1996 жылы «Қызылордаарнайы экономикалық аймағы» құрылды. АЭА бағдарламасы қалаға инвестиция тарту жұмысын жандандырды, қала дами түсті.

Қызылорданың кеңейіп, сәнденген, сәуленген, салтанатқа енген уақыты деп соңғы үш-төрт жылды белгілеу орынды.

Бүгінде туған қаламыз республикадағы ең әсем, абат шаһардың біріне айналып, күн сайын көріктеніп келеді.

Астана болған тарихи оқиғаға – 100 жыл

Биыл өңіріміз үшін мерейтойлар жылы болып отыр.

Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы кең көлемде аталып өтілуде.

«Той дегенде қу бас та домалайды» деп жай ғана той жасау мақсат емес. Бұл той өткеннен өнерге алуға, бабалардан қалған бай мұра мен асыл құндылықтарымызды ергенгі ұрпаққа аманаттауға, ұлттық қасиетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптеуге бағытталып отыр.

Жоғарыда аталған мерейлі даталардың ұлт тарихында алар өзіндік орны мен маңызы зор.

Мемлекет басшысы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын берген еді. Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда мәртебелі жиының 5-ші отырысын Сыр бойында, Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты.

Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті. Мұны Ел Президентінің өңірімізде атқарылған жұмыстарға берген оң бағасы деп түсінеміз.

Сыр өңіріндегі айтулы шаралар «Қызылорда үш дәуірдің астанасы» атты мыңжылдық асыл мұрамыз айтыспен басталды.

Сонымен бірге Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толу мерекесі аясында республикалық кітап көрмесі, басқа да көптеген шаралар өткізілді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимаратының көк желегі киылып, ел игілігіне берілді.

Сырдарияның сол жағалауында 11 мың көрерменге арналған жаңа стадионның ашылуы өтті. Салтанатты шара аясында футболдан ел Кубогының финалдық матчы ұйымдастырылды. Оған Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров келді.

Күні кеше «Қорқыт және ұлы дала сазы» халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі өтті. Дәстүрлі іс-шараға Түркия, Тыва, Алтай, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен және Қазақстаннан 200-ге жуық өнерпаз келді. «Түркі мәдениеті және мұрасы» қорының президенті Ахтоы Райымқұлова қатысты.

«Қорқыт баба мұраларының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы ЮНЕСКО-ның ғаламдық материалдық емес мұралар тізіміне

енгізілуі – жылдар бойы бірлесіп атқарған жұмысымыздың нәтижелі жемісі.

Күллі түркі дүниесінің назарын өзіне аударған, кең даланы жырға бөлеп, нұрға толтырған бұл дәстүрлі өнер мерекесі – ұлттық рухымыздың, түркі жұртының мәңгілік мұрасы мен мәдени сабақтастығының жарқын көрінісі» деді фестиваль салтанатында сөз сөйлеген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, қаламыздың көлемі бірнеше есеге ұлғайып, халқының саны өсті, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлер, демалыс орындары, саябақтар, жаңа шағын аудандар мен көшелер пайда болып, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті артты.

Бұл – Сыр жұртшылығының бір жеңнен қол шығарған ынтымағы, басшылықтың табанды жұмысы және инвесторлармен бірлесе атқарған еңбектің жемісі.

Ауқымды жобалар алаңы

Бүгінде облысымыз бен Қызылорда қаласында қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.

Соңғы үш жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды.

Мәдениет саласына қолдау әрдайым алдыңғы орында болды.

Көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығы» бой көтерді. Сыр мәдениетінің негізгі бренді – «Жыраулар үйі» ашылды. Қаланың қас төрінен «Анаға тағзым» орталығы орын тепті.

«Білімді қолдау қоры» арқылы дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы 400 орындық мектеп-интернат ел игілігіне табысталды.

Облыстық бюджет есебінен балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы пайдалануға берілді. Академияда бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушы түрлі үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысады.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының де-меушілігімен заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» есік ашты.

2023 жылдың қазан айында Ел Президентінің қолдауымен Қызылорда қаласында «Акса Енер-гу» түрік инвесторы қолға алған құны 215 млрд теңге, қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы басталды. Жаңа жылу-электр станциясы – Тәуелсіздік жылдарында елімізде инвестор қаржысына салынған ең ауқымды жоба.

2024 жылдың қараша айында толық автоматтандырылған ең озық технологиялармен жабдықталған өндіріс орны – «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің кірпіш зауытының құрылысы басталып, өткен шілде айында ашылды.

Жалпы құны 5 млрд теңге болатын зауыттың іске қосылуы, өңірдегі құрылыс индустриясының дамуына оң серпін беруде. Зауыт жылына 90 млн дана кірпіш шығарып, жергілікті құрылысқа қажетті сұраныстың 90 пайызын қамтамасыз етеді.

Құны 5 млрд 600 млн теңге болатын нан-тоқаш, макарон, кондитерлік өнімдер шығаратын «Қызылорда нан» зауыты іске қосылды.

Осы жылдың шілде айында «With You E&C Kyzylorda» ЖШС «Оңтүстік Корея технологиясы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату» зауытының құрылысын бастады.

Жол түзу болмаса, іс те түзелмейді. Адамның құретамыры секілді жол өмірдің құретамыры болып саналады. Онсыз тірлік ағзасына қан тарамайды.

2022-2025 жылдары Қызылорда қаласының жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға 61 млрд 100 млн теңге қаралып, 270 көшеге жол құрылысын салу, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Облыс орталығының негізгі көшелері – әуежайдан Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық, Шиели ауданынан кіреберіс жол, Яссауи, Жаппасбай батыр магистралі, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төртжолалық болып кеңейтілді. Бұл жұмыстар көшелердегі автокөлік ағымын азайтып, тұрғындардың қауіпсіздігі мен жолдағы жайлы қозғалысына мүмкіндік береді. Сонымен бірге 4 млрд 700 млн теңгеге Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржоласты автожол өткелінің құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Соңғы үш жылда облысымызда қаржыланды-рудың барлық көзінен 2 млн 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның ішінде Қызылорда қаласында 2022-2024 жылдары 140 көпқабатты тұрғын үй құрылысы жүргізілді. Биыл қала тоғыз, он екі қабатты үйлермен толығып, қоныс тойын жасаған тұрғындар саны бірнеше есе артты.

2022-2024 жылдар аралығында сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жаңғыртуға Қызылорда қаласында құны 6 млрд 324 млн теңгені құрайтын 20 жоба жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде қызылордалықтардың арманына айналған бас шаһарды ыстық сумен қамтамасыз ету оң шешімін тапты.

Қаламыздағы 623 көпқабатты тұрғын үй ыстық сумен қамтамасыз етілді.

Жалпы сөзімізді қорытындыласақ, Қызылорда өзінің астана болған тарих жадының 100 жылдығын атап өтуге аса үлкен өзгерістермен, мақтана айтатын, марқая көрсететін табыстарымен жетті. Біз бір мақалада оның бәрін атап шыға алмадық.

Айтағымыз, Сыр Алаштың анасы болса, Қызылорда шын мәнінде Алаштың астанасына айналып келе жатыр.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



«Қызылорда»

атауын ұсынған қайраткер



Суреттер ашық деректерден



Менің атам Қоңырқожа Қожықов 1880 жылы Түркістан генерал губернаторлығы Сырдария облысы Перовск уезінде (қазіргі Қоғалыкөл ауылы) мал жайын күйттеген шаруаның отбасында дүниеге келген. Өзінің шыққан тегі туралы «Мен Орта Азия және Қазақстанда халық құрмет тұтатын қожа руынан шыққанмын. Өзбектер мен қазақтар қожадан шыққан молдалар мен ишандардың басшылығымен діни білім алған. Атам Кенесары Қасымұлының серіктерінің бірі, әкем молда да, ишан да емес, шаруа адамы болды» деп жазған. Шешесі Рахила – Абылай ханның тұқымы, төре Қасымовтардан тараған. Ескілікті әңгімеге жүйрік, оны балалары мен немерелерінің құлағына құйып отыратын болған.

Қожық атам бай болмағанымен, баласының заманына сай білім алуына баса мән берген. Қоңырқожа Перовскідегі төртжылдық орыс-түзем мектебін алтын медальмен бітірген. Сосын 1900 жылы Ташкент мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1904 жылы үздік бітіріп, халық мұғалімі дипломын алып шыққан. Бұл оның тұңға ретіндегі өсу кезеңі болды, жодиттік ілімді түсіндіретін ағартушылардың еңбектерімен танысып, азаматтық ұстанымы қалыптасты. Жәдитшілдіктің негізін қалаған Исмаил Гаспринский еңбектерімен, өзбек ағартушысы Махмұт ходжа Бехбудимен, тағы басқалармен таныс болды. Бехбудимен бірге Самарқанда «Жаңа мектептерде оқыту әдістемесі» қолжазба еңбегін шығарды. Сол жерде «Жаңа мектеп пен оның пайдасы» қолжазбасын жариялап, Түркістандағы алғашқы мұсылман оқу үйінің жарғысын құрастырды.

1904 жылы Қоңырқожа Қожықов Перовск уезіндегі Мұнайтпас болыстың ауылында 4 кластық жаңа әдіспен оқытатын мектеп ашты. Бұл мектепте алғаш рет қыздар оқи бастады. Оқушы қыздар арасында Мұнайтпас Лапиннің қызы, менің әжем Ләтипа да болған. Тағдыр тоғыстырып, екеуі бір-бірін ұнатып бас қосты.

Қоңырқожаға болыстың үлкен баласы, Ләтипаның ағасы, Орталық Азиядағы атақты саясаткер, заңгер, түрколог және аудармашы Серәлі Лапин көмектесті. Серәлі мен Қоңырқожаның тағдырында ұқсастық көп. Екеуі де ұлттық-демократиялық қозғалыстың бастауында тұрып, қоғамдық сананың өзгеруін қалады. Тарих және мәдениет саласында ғылыми зерттеулермен айналысты.

Қоңырқожа Қожықов болыстың атастырылып, қалың малы төленіп қойған қызын алып кеткен соң екі ауыл арасында қалың болған. Ауылдастарың одан әрі жанжалға араластырмау үшін жас отбасы Перовскіге көшкен. Онда Қоңырқожа станция депосы жанындағы теміржолшылардың кешкі мектебіне оқытушы болып жұмысқа орналасты. Бұл жерде патшаға қарсы үгіт-насихат жүргізді деген айыппен тұтқындалған. Содан кейін отбасымен бірге Орта Азияның әртүрлі қалаларында айдауда жүрді.

Бұл кезде Ресейді төңкеріс дауылы шайқап жатқан еді. 1905 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін наразылық Түркістан өлкесіне жайылды. Орыс патшалығының репрессиялық машинасы бәрін басып-жаншыды. Қазақ ауылдарын шауып, жерін тартып алды. Жұмысшылармен кездесулерде Қожықов антидержавалық көзқарасын жасырмады. «Столыпин кезеңі келді... Патша үкіметінің жер және эксплуатациялық саясатының шетшегі болмай кетті. Мені ұлтшыл еткен осы» деген берген жауабында.

1905 жылы станция жұмысшылары бірінші рет бас көтерді. Мұғалімді сабақ барысында патша билігіне қарсы насихат жүргізді деп айыптады. Қожықовтар отбасы бұл жолы Түркістанға кетуге мәжбүр болды. Сол жерде Құлахмет тұрған. Бір қызығы, бұл үйдің балалары әр қалада, Қожахмет Перовскіде, Құлахмет Түркістанда, Нурахмет Ташкентте, Сұлтанхмет Әулиеатада және өмірдің белгілі бір шешуші кезеңінде дүниеге келді.

1912 жылы Қоңырқожа Қарнақтағы орыс-түзем училищесінде сабақ беріп, қазақ мектептеріне арналған алғашқы әліппені шығарды. Бұл – ұлттық педагогиканың бастауында тұрған өзбек. Бірегей әліппенің бір данасын еңінің тәлімгері Исмаил Гаспринскийге «Баспагерден біздің тамаша ұстазымыз Исмаилбек Гаспринскийге сыйлық, 12 ақпан 13 жыл. Түркістан қаласы. Қоңыр-Қожа Қожықов» деп жазып ұсынған. Бұл Қырымдағы Бақшасарай тарихи-мәдени және археологиялық музей-қорығындағы Гаспринский қорында сақталған.

Қоңырқожа Қожықов Ахмет Байтұрсынұлымен бірге қазақ тілінде газет шығара бастады. 1913 жылы Орынборда «Қазақ» газетінің бірінші нөмірі шықты. Осы уақытта Қоңырқожа қамауға алынып, Түркістаннан Скобелев, қазіргі Ферғана қаласына жер аударылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда қазақ халқының тағдырына жаны ауырып, олардың құқы мен

Алайда автономия 1918 жылы 16 ақпанда тарайды. Қоқан автономиясының жеңілісі өзіне де, пікірлестеріне де ауыр соққы болды. Большевиктердің саяси аренада күшке айналғанын және олармен санаспаса болмайтынын түсінді. Серіктерімен бірге халқына қызмет ету жолын таңдайды.

1918 жылы қарашада Ташкентте қазақ педагогикалық курстары ашылып, оған Қоңырқожа меңгерушілікке шақырылды. Сол жерде Кирипрос, яғни халыққа білім беру институтын құруға күш-жігерін

Түркістан өлкесінің болашақ саяси құрылымы туралы өз көзқарастарын айқындады. Олар Түркістанды Ресей Федеративтік Республикасымен бірілтегі аумақтық автономды деп жариялады. Ресейдің демократиялық күштерінің көмегімен экономикасы дамыған, демократиялық қоғам құруға үміттенді. 28 қарашада жаңа мемлекеттік құрылым Түркістан мұхтарияты, яғни Түркістан автономиясы деп аталды. Қоңырқожа Мұхамеджан Тынышпаев және Мұстафа Шоқаймен бірге автономия басшыларының қатарында болып, Министрлер кеңесі жауапты хатшысының міндетін атқарды.

Алайда автономия 1918 жылы 16 ақпанда тарайды. Қоқан автономиясының жеңілісі өзіне де, пікірлестеріне де ауыр соққы болды. Большевиктердің саяси аренада күшке айналғанын және олармен санаспаса болмайтынын түсінді. Серіктерімен бірге халқына қызмет ету жолын таңдайды.

1918 жылы қарашада Ташкентте қазақ педагогикалық курстары ашылып, оған Қоңырқожа меңгерушілікке шақырылды. Сол жерде Кирипрос, яғни халыққа білім беру институтын құруға күш-жігерін

Алғаш рет «Қызылорда» атауын Қожықов ойлап тапты. «Неге Қызылорда?» деп сұрағандарға «Бұл – екі жақты атау, «Қызыл» большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – тарихи атау. Бұл екі тарапқа да жат емес» деп жауап берді.

Алғаш рет «Қызылорда» атауын Қожықов ойлап тапты. «Неге Қызылорда?» деп сұрағандарға «Бұл – екі жақты атау, «Қызыл» большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – тарихи атау. Бұл екі тарапқа да жат емес» деп жауап берді.



жұмсайды. Бұл институтта болашақ мұғалімдер дайындалды. Жиырмасыншы жылдары ол ТүркіЦИК-тің жер реформалары жөніндегі түрлі комиссияларының жұмысына қатысты. Алдымен ТүркіЦИК-тің төтенше өкілі, содан кейін Наркомзем меңгерушісінің орынбасары болған. Ауыл қазақтарын қоныстандырумен және жұмысқа орналастырумен айналысты. 1921 жылы «Қосшы» одағын ұйымдастырушылардың бірі болды және Орталық комитет құрамына кірді.

Түркістан өлкесі тарихының терең білгірі ретінде Қазақ Республикасының шекарасын анықтау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады. Оған Рысқұлов, Қожанов, Асфендияров, Тынышпаев және Ресей шығыстанушысы Василий Бартольд кірді. Мұхамеджан Тынышпаев кейінірек осы маңызды мәселені шешудегі Қожықовтың ролі туралы «Абылай хан біздің жерімізден қалмақтарды, ойраттарды қуып шықты, ал Кенес кезінде Қазақстан шекарасын Қоңырқожа Қожықов бекітті» деп жазды.

Ол Қызылорда атауын, «Қазақтың қырғыз емес, қазақ деп аталатын уақыты келген жоқ па?» деген ұсынысты айтқан. Д. Әділовтің 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабында: «...Бір күні Қожанов, мен, Есболов және

Қожықов Табынбаевтың үйінде түскі ас іштік. Съезд аяқталуға жақын қалған. Ақмешітке Үкімет көшіп, қала атауын өзгерту туралы мәселе көтерілді, қалай атауға болатыны ойластырыла бастады. Алғаш рет «Қызылорда» атауын Қожықов ойлап тапты. «Неге Қызылорда?» деп сұрағандарға «Бұл – екі жақты атау, «Қызыл» большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – тарихи атау. Бұл екі тарапқа да жат емес» деп жауап берді. Қожанов осы дәлелдермен келісті» делінген. Екі ұсынысты да Сұлтанбек Қожанов 1925 жылы Ақмешіттегі V съезде айтты.

1929 жылы астана Қызылордадан Алматыға көшкен соң, Қоңырқожа Жетісудағы этнографиялық экспедицияларға жиі барып, ежелгі қорғандар мен ескерткіштерді зерттеді. Архитектуралық құрылыстар мен археологиялық ескерткіштердің Атлас картасын жасады. Оған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Қорқыт ата, Айша бибі мазарлары, Отырар және Сайрам қалашықтары, сондай-ақ қорғандар, жартастағы бейнелер, тас мүсіндер және басқа да артефактілер енді. Қ.Қожықов Орхон жазуы, Келіншектас, Ақтас мазары, «Қозы Көрпеш-Баян-сұлу» эпосы туралы ғылыми еңбектерін жариялады. Экспедиция кезінде ежелгі жазбаларды тапты.

Алғаш рет «Қызылорда» атауын Қожықов ойлап тапты. «Неге Қызылорда?» деп сұрағандарға «Бұл – екі жақты атау, «Қызыл» большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – тарихи атау. Бұл екі тарапқа да жат емес» деп жауап берді.

Алғаш рет «Қызылорда» атауын Қожықов ойлап тапты. «Неге Қызылорда?» деп сұрағандарға «Бұл – екі жақты атау, «Қызыл» большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – тарихи атау. Бұл екі тарапқа да жат емес» деп жауап берді.

Алғаш рет «Қызылорда» атауын Қожықов ойлап тапты. «Неге Қызылорда?» деп сұрағандарға «Бұл – екі жақты атау, «Қызыл» большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – тарихи атау. Бұл екі тарапқа да жат емес» деп жауап берді.

Алғаш рет «Қызылорда» атауын Қожықов ойлап тапты. «Неге Қызылорда?» деп сұрағандарға «Бұл – екі жақты атау, «Қызыл» большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – тарихи атау. Бұл екі тарапқа да жат емес» деп жауап берді.

Олардың арасында Қожа-Ахмет Ясауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидің «Әзірет Сұлтан Әл-Гарифин хикметі» атты қолжазба бар. Ол тапқан жәдігерлердің ең құндысы деп Фирдоусидің «Шахнамасының» шағатай тіліндегі қолжазбасын айтуға болады. 1935 жылы «Жетісудың көне ескерткіштері» атты еңбегін жариялады. Онда тарихи ескерткіштерді зерттеуге арналған XIX ғасырдан бергі әдебиеттерге шолу жасалды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жайкүйіне алаңдап, бірегей пантеон қазақ хандарының жерленген жері ғана емес, ұлтмыздың рухани қазынасы екенін атап көрсеткен.

Жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың басындағы «Кіші Октябрьдің» дүрбелені қазақ халқын жаппай ашаршылыққа ұшыратты. Тұтқында, ату, келіспеушілерді қудалау басталды. «Халық жауы» тізіміне бірінші болып «Алашорда» ұлттық-демократиялық қозғалысының және Қоқан автономиясының бұрынғы қайраткерлері ілінді. 1930 жылы Қ.Қожықов ұлтшылдардың контрреволюциялық ұйымымен байланысы бар деген айыппен қамауға алынды, бірақ дәлел жеткіліксіз болып босатылды. Үш жылдан кейін қайтадан қамауға алынып, Қызылордадағы шаруашы-

лыққа зиянкестік жасады деп сотталды. 1938 жылы қаңтарда терроризм, шет мемлекеттің пайдасына тыншылық жасады, шетелге қашып кеткен Мұстафа Шоқаймен байланысты, малды қырды деген айып тағылып, 15 ақпанда ату туралы үкім шығарылды.

Біз атамыздың тағдыры туралы Бұзақ уақыт бойы ештеңе білмедік. Жұбайы Ләтипа Қожықова қазақтың көрнекті суретшісі, киім дизайнері және сәндік-қолданбалы өнердің шебері болған. 1925 жылы театрда Мұхтар Әуезовтің «Қаракөз» пьесасы қойылып, бұл жаңа астана Қызылорданың мәдени өміріндегі елеулі жаңалық болды. Сол кезде Ләтипа әжем спектакльге костюмдер тіккен. Балалары анасына қолғабыс етіп, Қожахмет пен Құлахмет жасөспірім кезінен-ақ декорацияларды әзірлеуге көмектесті.

Кейін орталық Алматыға көшкенде Ләтипа қазақ сахнасының белгілі қайраткерлері Қ.Жандарбеков, К.Байсейітова, Ү.Тұрдықұлова, А.Ненашев және Е.Брусиловскиймен бірге «Айман-Шолпан», «Шұға», «Ер Тарғын» атты алғашқы опералық қойылымдарға қатысты. Ол мемлекеттік академиялық опера және балет театрында жұмыс істеді, костюм және тігін цехын басқарды. 1936 жылы Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиеті онкүндігіне қатысты. Бұл қазақ өнерінің жетістіктерін бүкіл одақ көлеміне көрсеткен ауқымды мәдени шара еді. Онкүндіктің негізгі қатысушыларының бірі қазақ музыкалық театры «Қыз Жібек» және «Жалбыр» музыкалық драмаларын сахналады.

1958 жылы Бүкілодақтық халық шаруашылығының жетістіктері көрмесінде Ләтипа ұлттық ою-өрнекпен безендірген колөнер бұйымдары, қолдан жасалған бұйымдар қойылды. Көшпелі қазақ мәдениетінің басты символы қазақтың киіз үйі көрменің көркін келтірді. Суретші Мария Лизогубтің «Халық шебері» атты картинасында Ләтипа Қожықова бейнеленген. Бүгінде Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы, Будапешт және Вашингтон музейлерінде тұрған 100-ден астам бірегей сәндік туынды әжемің қолынан шыққан. Франклин Рузвельтке тартылған сый қазіргі уақытта АҚШ-тағы музейде сақталған.

Қожақовтардың төрт ұлы ата-анасының өнегелі ісін жалғады. Олардың барлығы қазақ өнерінің өркендеуіне өмірін арнады. Қожахмет – график суретші, қазақ бейнелеу өнерінің бастауындағы тұла.

Менің әкем Құлахмет театр және кино суретшісі, график, сценарист. Қазақ драма театрының бас суретшісі, «Қазақфильм» киностудиясында бас қоюшы-суретші, кітап иллюстрациясы саласында да белсенді жұмыс істеді. 1970 жылы Алматыда республикалық қолданбалы өнер музейін құрып, оның бірінші директоры болды.

Үшінші ұлы Рузвельт мүсінші-монументалист. Соғаста ауыр жараланып, бірінші топтағы мүгедек болып келгеніне қарамастан, ол Отан қорғаушыларға арналған монументалды кешендер мен мүсіндер жасады. Жаралаты арманын толық іске асыруға мүмкіндік бермеді.

Ең кенжесі Сұлтанхмет қазақтың көрнекті кинорежиссері, сценарист. Ол – қазақ киносының ең танымал туындыларының бірі «Қыз Жібек» фильмінің режиссері. Өмірінің соңына дейін «Қазақфильм» киностудиясында жұмыс істеді.

Қоңырқожа Қожықовтың халықты ағарту, өнер, білімін ұштау, мәдениетін насихаттау туралы арманы осылайша орындалды.

Сәуле ҚОЖЫҚОВА, республикалық «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамының басқарма мүшесі, Қазақстан Суретшілер және Кинематографистер одағының мүшесі. Алматы қаласы

Патшаны тактан тайдырған большевиктер ұлттар мәселесіне баса назар аударуға тырысты. 1918 жылы қабылданған тұңғыш Конституцияда әр халықтың дербестігі сақталатыны негізгі ұстаным ретінде қарастырылған. Алайда кейінгі тарихи тәжірибе көрсеткендей, ұлттардың өзін-өзі басқару және қажет жағдайда Одақ құрамынан шығу құқығы сөз жүзінде ғана қалып, кенестік саяси билік бір орталыққа шоғырланды. Сол жылдың 20-30 сәуір аралығында Ташкент қаласында Түркістан кеңестерінің төтенше съезі шақырылды. Съезд РСФСР құрамында Кеңестік социалистік Түркістан автономиясының құрылғанын жариялады. Автономия құрамына қазіргі Қызылорда облысы да енді.

Жаңа үкімет орнасымен ел ішінде азамат соғысы етек алды. Тұтас бір мемлекеттің басына төнген зобаланың жалғыз-ақ жауабы бар еді. «Төңкеріс қантөгіссіз болмайды!» Кеңес үкіметінің алғашқы аяқ алысындағы ағаттықтарды жуып-шаю үшін айтылған осы сөз кейін қолхоздастыру, «халық жауларын» әшкерелеу секілді үлкен саяси науқан кездерінде тағы қайталанды.

1920 жылдың тамызында Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. Жаңа республика құрамына Орал, Орынбор, Костанай, Бөкей, Ақмола, Семей және Адай аудандары енгізіліп, Қазалы мен Перовск уездері Түркістан АССР-інде қалып қойды. Түркі халықтарының бас біріктіруін қаламаған орталық ұлт мәселесін онтайлы шешу деген желеумен АССР аясындағы өзбек, тәжік, түрікмен халықтарын өз алдына бөлек республика жасалды.

Бұл өзгеріске қазақ қайраткерлері, әсіресе, Сұлтанбек Қожанов жаңтәнімен қарсы болды. Түркі дүниесін дүр сілкіндірген бұл өзгерістің барысында талас-тартыс, қарама-қайшылық көп кездесті. Бөліну мен бірігу процестері қым-қиғаш жүріп жатты. Тарихы мен тағдыры жақын ұлттардың арасына сына қағылды. 1924 жылғы 10 наурызда Ташкентте өткізілген кеңесте Түркістан КП орталық комитетінің хатшысы А.Рахымбаев «Түркістанның ұлттық-территориялық межеленуі туралы» деген тақырыпта баяндама жасап, Орта Азияны ұлт республикаларына жіктеуді бірден-бір дұрыс жол деп бағалады. Оны Н.Айтақов, Қ.Атабаев секілді қайраткерлер сөйлеген сөздерінде қолдады. Ал Ортаазиялық экономикалық кеңестің төрағасы М.Паскуцкий мен Сұлтанбек Қожанұлы екеуі межелену ісін мақұлдамады. Олар экономикалық және саяси-әкімшілік жағынан біртұтас Орта Азия федерациясын құруды жақтады. Сұлтанбек «түркі тайпалары бірыңғай түркі тектес халықтарды құраған», «оларды жасауды түрде айыруға болмайды» деп дәлелдеп бақты. Бірақ Паскуцкий мен Қожанұлының жоспарлары жүзеге аспай, қолдаусыз қалдырылды. Орта Азия республикаларын межелену жөніндегі территориялық комиссияның 1924 жылғы 17 тамыздағы пленумында да, одан кейін Түркістан республика басшы ұйымдарының сол жылғы 14 қыркүйекте болған біріккен пленумында да Сұлтанбектің Орта Азия федерациясы туралы талап-тілектеріне тойтарыс берілді. Кейінгі басқосуда РК(б)П ОК Орта Азия бюросының пікірін білдірген ТКП орталық комитетінің хатшысы И.Варейкис: «Қазір жұрттың бәрінің көңіл-күйі бірігуге емес, бөлінуге бейім тұр» деп кесіп тастады. Сөз жоқ, мұнан кейін Сұлтанбек Қожанұлы қайраткер ретінде, ең алдымен, өз жұртының жайын қамдап, жоғын түгендеуді қолға алды. Ол сол тұста жазылған «Дау тоқтап, іс басталсын!» атты мақаласында: «Осы күнге дейін бір болып келген, шаруа жағынан жігі ашылмаған Түркістан енді тозып, төрт-бес мемлекет болып отыр. Басқалар Орта Азия шаруа бірлігін жасап, бірден бөлініп кетпестен, шаруа істерін бір жөнмен жүргізбек болып отырғанда, Орта Азиядан қазақ об-

Қызылорда облысының 70, Қызылорда қаласының 190 жылдық мерекесіне орай жарық көрген «Алаштың Ақмешіті» атты кітапта қалың қатпарлы тарихтың куәгері болған қаланың өткені туралы мол мағлұмат жинақталған. Бүгін сол кітаптың «Астана болған Ақмешіт» атты тарауынан үзінді жариялап отырмыз.



лыстары шықты саналып отыр. Жетісу мен Сырдария шаруа жағынан, әлі де болса, Қазақстаннан гөрі, Орта Азия мемлекеттеріне байланысты» («Ақ жол», 1924, 14 қараша), – деп, қазақ жұртының әрі-сәрі күй кешіп отырығанына қамықты.

XX ғасырдағы Қазақстанның тұңғыш астанасы Орынбор қаласы болғаны тарихтан белгілі. Ұлт мәселесін ұдайы талқылап отырған кеңестік билік Бүкілресейлік жұмысшы-шаруа қызыл армия депутаттарының XII съезінде республиканың орталық қаласын қазақ жерінің ішкі аймақтарына ауыстыру мәселесін көтерген-ді. Астананы анықтау жөнінде құрылған арнаулы комиссия Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасының астанасы болуға лайық қалалар қатарында Ақмола, Әулиеата, Шымкент, Ақтөбе, Ақмешіт қалалары аталды. Бірінші Сырдария губерниялық партия конференциясында Қазақстанның астана-сы ұлттың ежелгі қонысы – Ташкент қаласы болсын деген ұсыныстар да делегаттар тарапынан көп айтылды.

Астананы Сыр бойына көшірудің тарихи негізі де болды. Ежелден қазақ ұлты үшін Сарысу мен Шу өзендерінің атырабы, Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойы атақоныс, өркениет ошағы болып келген-ді. Орта-ғасырлардағы оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент, Ақ Орда мемлекетінің орталығы Сығанақ та осы өлкеде орын тепкен. Жібек жолы бойымен жүріп өтетін трансұлттық сауда керуен жолдары да Сырдың бойында тоғысатын. Әрі қарай сауда керуендері Ақмешіт маңынан Торғай, Орал, Ембі өзендері арқылы теріскей-батысқа жол тартса, келесі тармағы Тобыл мен Ертісті бойлай теріскейге, Шу бойымен Балқаш көлін басып шығыс бағытқа қарай өтетін. Ең басты себеп, тарихтың көне парақтарында таңдалған Ақмешіт қазақшылықтың қаймағы бұзылмаған құт мекен еді.

Тарихи қисыны қиысып тұрғанымен Ақмешіттің астана болуына да Алашшыл һәм аршыл азамат Сұлтанбек Қожанов қыруар еңбек сіңірді. Ол 1924 жылғы қазанның 11-інде өткен РК(б)П ОК саяси бюросының мәжілісінде (бұл жиынға Қазақстаннан С.Мендешов те қатысқан) Қазақстанның КСРО құрамына шартты негізде кіргізілуін және Қазол-кекомның Қазақстан коммунистік партиясы болып өзгертілуін ұсыныс етіп енгізіпті. Бірақ мәжілісте мына мазмұндағы қаулы қабылданды: «Қырғыз (Қазақ) республикасының КСРО құрамына шарттық негізде кіргізілуіне қарсылық жоқ болғанымен, бұл мәселені іс жүзіндегі шешімін Қырғыз (Қазақ) рес-

публикасының жаңа бастамалар мен жаңа шекаралар жағдайында жұмыс тәжірибесі айқындалғанға дейін шегері тұру қажет деп саналсын және Қазобкомға кеңес органдары арқылы осыған сәйкес қаулыны өткізу ұсынылсын. Қазобкомға бұл мәселені партия ұйымдарында да, партияда жоқ бұқараның арасында да әрі қарай талқылауға жол бермеу жүктелсін. Аталған мәселенің РК(б)П ОК-нің алдын ала мақұлдауынсыз кеңес жолы арқылы талқыға түсуі мен шешілуіне мүлде тыйым салынынын ескере отырып, бұл істің кеңес бағыты бойынша қалай өріс алып кеткені тексерілсін және кінәлілер партиялық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылсын. Тап осы мезгілде РК(б)П-ның Қырғыз (Қазақ) ұйымының атын Қырғыз (Қазақ) коммунистік партиясы деп өзгерту қисынсыз деп табылсын».

Осының бәріне қарамастан, 1924 жылғы 27 қарашада Сұлтанбек Қожанұлы Қазобкомның, ал 1925 жылғы 19 ақпанда Қазолкекомның жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі лауазым) болып тағайындалды. Ұлт қайраткерінің сол кездегі бір үлкен еңбегі – астананың Ақмешітке көшуіне мұрындық болуы. Ол Түркістан орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып тұрған уақытында – 1922 жылғы 12 сәуірде арнайы қаулы шығарып, өзі тарихи атауын қайтарып берген Ақмешіт қаласын ел кіндігі етуге күш салды. «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан, қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қамына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын», деп жазды. Ол өз заманы үшін ең тиімді көрінген осы ойларын мәжіліс мінберлерінен сөйлеген сөздерінде де, баспасөз беттерінде де қайта-қайта қозғады. Сұлтанбектің бұл пікірі қылп еткенді қағып түсер тар заман қалыбына сыймас үлкен ерлік еді.

Сұлтанбектің осындай қайраткерлігінің арқасында астана Ақмешітке

ауысты. Бақалықопада бой көтерген қала осылайша Қазақ елінің астанасы атанды. Қазақ ордасы атанғанмен ормандай орыс ортасы Орынбордан Ақмешіттің айырмашылығын Қожановтан асырып айтамыз деу айып болар. Ұлтының бағына туған азаматтың арқасында қазақтың қаймағы ұйған Қызылорда қаласы бақандай төрт жыл ел ордасы атанды. Қазақ үшін қай байтағының да бағасы бөлек, әйтсе де Алатау баурайындағы Алматы мен Арқа төсіндегі Астананың алдында Ақмешіт тұрғанын әсте естен шығармауымыз керек.

1925 жылғы 15-19 сәуір аралығында Қазақ кеңестерінің V съезі болып өтті. Оған төрағалық еткен Сұлтанбек Қожанұлы күн тәртібіне екі мәселе енгізді де, біріншіден, делегаттардың бірауызды шешімімен ұлтымыздың «қазақ» деген шын атауы қайтарылды, екіншіден, сол кісінің ұсынысы бойынша Ақмешіт қаласының аты «Қызылорда» болып өзгертілді.

Осы жылдары қала халқының саны 22 мыңға жетті. Алаш қайраткерлері жаңа астанада қоғамдық-саяси һәм мәдени орта қалыптастыруға барын салды. Кейінірек ақын Сырбай Мәуленовтің Алаштың Ақмешіті жайлы «Сәкен бәткенесінің ізі қалған» деп жазатыны да осы кезең оқиғалары еді. Жалғыз Сәкен емес, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабиден, Ғабит секілді қаламгерлердің ұлт әдебиетінің қорын байытқан жауһар шығармаларының негізі осы Сыр бойында қаланды. Басаяғы төрт жыл ішінде жаңа ордада үлкен рухани орта қалыптасты. Қызылордада елдің әр түкпірінен жиналған өнерпаздар 1926 жылы Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын тұңғыш рет сахналады. Осылайша Ақмешіт театр өнері тұңғыш шымылдық түрген қалаға айналды. Сол күні көрермен алдына шыққан Әміре, Құрманбек, Серке, Жұмат уақыт өте келе ұлт руханиятының қабырғалы қайраткерлеріне айналды. Ұлттық сананы қалыптастыруда төрт ғасырға бергісіз төрт жыл қисық көшелі шағын шаһарға үлкен өзгеріс әкелді.

Жаңа астананың жер жағдайы жан-жақты зерттелді. Қаланың архитек-

туралық жоспарын жасау үшін білікті архитектор И.Рянгін шақырылды. Білікті маман жасаған қала халқының алдағы 40 жылғы өсу болжамы қазіргі нақты мәліметтермен сәйкес келіп тұр.

Комиссияның техникалық жағын қазактан шыққан тұңғыш теміржол инженері Мұхаметжан Тынышпаев басқарды. Ұлт зиялыларына зобалаң төнген жылдары жазықсыз атылып кеткен Тынышпаевтай тұлғаның қазақ тарихына қатысты да құнды мұра қалдырғанын айта кеткеніміз орынды болар.

Астана атанған қалада жаңа өмір арнасы ашылды. Қалалық атқару комитеті 1925 жылы 30 мамырда барлық мемлекеттік мекемелерге, кооперативтік және басқа да ұйымдарға мөр, мөртабан, мекеме мандайшаларындағы атауын I ай көлемінде «Қызылорда» деп өзгертуді міндеттеді. Көп ұзамай Қазақстанның жаңа астанасы Қызылорданы абаттандыру жұмысы басталды.

Алғашқы жаңалықтардың қатарында әуе қатынасы мен байланыс жүйесі іске қосылды. 1926 жылы маусым айында аспанға тұңғыш рет Қызылорданың құмды алаңынан ұшақ көтеріліп, Мәскеу қаласына бет алды. Бұл ұшақ Қазақ Республикасының астанасы Қызылорданы Мәскеуге әуе жолын ашты. Бұл халыққа жаңалық, қуаныш болды. Екінші үлкен оқиға сол жылы тамыз айында теміржол клубынан басталды. Осы күні қалада тұңғыш рет радио жүйесі іске қосылды. Қаладағы алғашқы электр стансасы 1925 жылы салынып, келесі жылы пайдалануға берілді. Сол жылы 45 орындық қалалық аурухана, сыра зауыты, жазғы парк пен кинотеатр іске қосылып, қаланың ирригациялық жүйесі қалпына келтіріліп, ағаш егілді.

1925-1926 жылдары Қызылордада өндіріс орындары іске қосыла бастады. Кілем тоқитын фабрика, мақарон және кондитер өнімдерін шығаратын «Трудовик» артели, қалаіргелік ауыл шаруашылығы коммунасы пайда болды. Білім беру институты, кеңес-партия мектебі, медицина, қаржы, көлік-механикалық, геоботаникалық сала мамандарын дайындайтын техникумдар ашылды. Тұңғыш театрмен қатар «Еңбекші қазақ», «Советская степь» республикалық басылымдары шыға бастады.

Екі съездің арасындағы төрт жыл Қызылорданың қалыптасу кезеңі болды. Алайда Орталық Азия мен Қазақстан арасындағы саяси-экономикалық, тарихи аражіктің ажырауына байланысты 1927 жылдың 29 сәуірінде Бүкілодақтық Халық Комиссарлар Кеңесі Қазақстан астанасын Қызылордадан Алматыға көшіру туралы Жалпықазақстандық VI съезінің шешімін бекітті.

Көрген көзді тойдырар Іле Алатауының теріскей бөктерінде сонау орта ғасырдың басында атырабында алманың иісі аңқыған Алмалық атты қала болған. XIX ғасырда Алмалықтың ежелгі қонысына орыс отаршылары Верный атты әскери бекініс салды. Ендігі астана – 1921 жылдың 14 наурызында Кеңестік Түркістан Автономиялық Республикасы атқару комитетінің шешімімен тарихи атын қайтып алған Алматы қаласы. Съезд шешімі 1929 жылдың мамыр айында ресми түрде іске асырылды.

Қазақтың құт мекені Қызылорда бұдан былай округ орталығына айналды.

Қызылорда қаласындағы дария жағалауында орналасқан ерекше нысан – бүгінде облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы саналатын Салихитдин Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы.

ҒАСЫР СЫРЫН САҚТАҒАН ҒИМАРАТ

Бұл ғимарат XIX ғасырдың сәулет өнері дәстүрінен сыр шертеді. Күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, таспалы тастармен бекітілген, талай тарихи кезеңнің куәсі. 1884-1920 жылдары әскери қазарма қызметін атқарса, кейін ұзақ жылдар бойы әскери комиссариаттың шақыру пункті болған. Уақыт ағымымен түрлі өзгерістерді бастан өткерген ғимарат 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қайта жаңғыртылып, жаңа тынысы ашылды. 2005-2014 жылдары облыстық мәдениет, тілдерді дамыту, қала құрылысы және сәулет басқармасы орналасты.

2014 жылы күлделі жөндеуден өтіп, көркемсурет галереясы ретінде есігін қайта ашты. 2019 жылы оған еліміздің әйгілі суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Салихитдин Айтбаевтың есімі берілді. Қазір жалпы аумағы 466,6 шаршы метр болатын



ғимарат – өнер мен тарих тоғысқан саясиетті мекен. Бүгінде Қызылорда облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің төңірегінде.

Ішкі еңсеңіз, өткен дәуірдің лебі еседі, әр бұрышынан тарих сыры шертіледі. Бірінші қабатта төрт көрме за-

лы, екінші қабатта суретшілер мен қолөнершілерге арналған бес шығармашылық шеберхана бар.

– Галереяның басты мақсаты – өнер арқылы рухани құндылықтарды насихаттау, отандық суретшілердің шығармашылығын кеңінен таныстыру және жас ұрпақты әсемдік пен ізгілікке

баулу, – дейді галерея менгерушісі Кенже Ахметова.

Мұнда түрлі бағыттағы кескіндеме, графика, мүсін және қолданбалы өнер туындыларының көрмелері ұйымдастырылып, халықаралық, республикалық және облыстық деңгейде симпозиумдар, шеберлік сыныптары мен шығармашылық кездесулер өтеді. Балаларға арналған тегін изостудия жұмыс істеп, бейнелеу өнерінің қыр-сырын үйретеді.

Галерея қорында Ә.Кастеев, Г.Хлудов, Г.Исмаилова, А.Ғалымбаева, С.Сенчихин, Қ.Қожықов сынды қазақ бейнелеу өнерінің санлақтары мен жергілікті қылқалам шеберлерінің мыңнан аса туындысы сақталған. Сонымен қатар қолөнершілердің бұйымдары мен ағаштан жасалған кәдесыйлар сатылатын арнайы бұрыш та бар.

Қызылорданың астана болғанының ғасырлық мерейтойына орай гале-

рея қабырғасында «Кеме» атты жылжымалы көрме, «Жауһар жәдігері» байқауы, сондай-ақ суретші Аманкелді Кененбаевтың 70 жылдығына арналған «Сырдария» отбасылық шығармашылық көрмесі өтті.

Алдағы уақытта жас суретші Ерлен Дарханның «Қызылорда. Кеше. Бүгін» атты көрмесі мен облыстық суретшілердің «Дәуір бейнелері» топтық көрмесі көпшілік назарына ұсынылмақ.

Тарихтың тамырынан нәр алған бұл ғимарат – Қызылорданың мәдени мұрасы. Бұрынғы әскери қазарма бүгінде өнердің ұясына айналып, өңірдің рухани өміріне жаңа леп, жаңа тыныс сыйлап отыр. Ғасыр сырын сақтаған ғимарат Қызылорданың өткенін бүгінмен жалғаған алтын көпір іспетті.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»





ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов, Нұрболат Нұржаубай

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 24 қыркүйектегі ұйғарымымен «Авангард-Мұнай» ЖШС-не қатысты (БСН 110340007535) оналту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.



Еліміз бойынша күріштің түгелге жуығын өсіріп отырған Қызылорда облысының диқандары биыл да қырманды қызыл дөңге толтырмақ. Ала жаздай кетпен асынып, атыз жағалап, бел жазбай еңбек еткен олар қандай құрметке де лайық.

Суретті түсірген Нұрболат Нұржаубай

Ауыр болса да абыройлы жолға ширек ғасыр бұрын бет бұрып, ел ырысын еселеуге үлес қосып жүргендердің бірі – Сырдария ауданы Шаған ауылының тұрғыны Кенжетай Омаров. Ол облыс орталығынан 60 шақырым қашықта орналасқан берекелі елді мекенде туып-өсті. Сондағы №37 орта мектепте білім алып, оны тәмамдаған соң ауылдағы ірі шаруашылық – «Шаған-Жер» серіктестігіне жұмысшы болып орналасты. Міне, содан бері дала төсінде еңбек дүбірін қыздырып жүр.

– Күріш егудің қиындығы көп. Көктемде егіп болған соң суға бастырамыз, уақытылы суын ауыстырып отыру қажет. Шаруашылықта негізгі дақылдың бірнеше сорты егіледі. Соның ішінде «Маршал», «Лидер», «Янтарь» жоғары сұранысқа ие. Олардың бір-бірінен айырмашылығы, «Маршал» ауруға төзімді болса, «Лидер» керісінше. Дегенмен, халық сүйсініп жейтін сорт болған соң жылда қалдырмай егеміз, – дейді Кенжетай Омаров.

«Шаған-Жер» – Кеңес одағы кезінде Сыр салысынан рекордтық өнім жинап, «күріш фабрикасы» атанған ірі шаруашылық. Бес мыңдай адам тұратын ауыл халқының белгілі бір бөлігі осы серіктестікте еңбек етіп, нәпақасын

тауып жүр. Өңіріміз аграрлық аймақ ретінде күріш өндірісі бойынша басты орында тұрғанын ескерсек, шаруашылықтың қамбаны астыққа толтырудағы үлесі аз емес. Күріш жинау маусымы басталғалы бері егінді ысырапсыз жинау мақсатында ауыл еңбеккерлері бір тынған жок. Соңғы жылдары су тапшылығын шағанжерліктер де сезінді. Дегенмен, биылғы өнім көлемі жылдағыдан кем болмайды деген үміт бар. Шаруашылықта қиындығы мол тірлікті жауаптылықпен атқарып, күріштен өнім алуда рекорд орнатқан диқандар жетерлік. Кейіпкеріміз де солардың қатарында бұған дейін бірнеше мәрте озат күрішші болды. Биыл да сол рекордтық жолын қайталамақ.

– Егінді төкпей-шашпай жинап алудағы тағы бір талап – техникалық базаның сақадай сай болуы шарт. Осыны ескерген серіктестік басшылығы бірер жыл бұрын жерді тегістеуге, егін егуге, оны жинауға мүмкіндік беретін қуатты техникалар сатып алды. Бұл бізге жұмысты жылдам әрі сапалы атқаруға көмектеседі, – дейді диқан.

**Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»**

/// РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Құдайы қонақ

«Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген тауып айтылған сөз. 1992 жылғы жаздың басы болатын. Тіршілік көзі тарылып, дүкен сөрелері босап, нан тапшы болып, жуанның жінішкеріп, жінішкенің үзілгелі тұрған шағы.

Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап, асыптасып жатқан заман сағымға айналып, мыңғырған мал әп-сәтте жоқ болды. Жұмыс та қысқарып, мен қызмет жасап жатқан колледжде (бұрынғы СІТУ-187) жылына сегіз оқу тобының орнына бір ғана топқа қаражат бөлінетін болып шешілді. Мекеме басшысы Ж.Ақтаев жиналыс жасап, қысқарған қызметкерлердің тізімін оқып болған соң, ұлап-шулап тарқалды.

Ер-азаматтар екі қолға бір күрек деп жұмыс іздеуге кірісіп кеттік. Көкөніс, жеміс-жидек пісіп, жұмыстың қайнап жатқан мезгілі еді. Әбжан ағамыз екеуміз жүк машинасына мініп алып, оңтүстіктегі Абай базарына келдік. Сұрастырып жүріп, үлкен ауылдың ортасында орналасқан жүк машиналарының қатарына келіп тұра қалдық.

Жан-жағымызға келген шаруамызды айтайық деп шештік. Ұрыста тұрыс бар ма? «Көкөніс, жеміс-жидек болса, нақты ақшамызға аламыз», деп басқа ұлттар көп болған соң арасында ағайынды екеуміз орысшалап жар салып жүрміз. Атыздар мен бақшаларды аралап та келдік. Алайда, машинамыз толмады, жүріп кететін жүк болмаған соң, әдепкі келген тұраққа көліктің кабинасында қонуға тура келді.

Күн де қызарып батпаға жақындады. Бір кезде сол жердегі құрт, сусын сатып жүрген апа қасымызға келіп:

– Өй, балаларым, сендер «нақты ақшамыз бар, қызанақ, тұшы бұрыш аламыз» деп күнімен жар салдыңдар, бұл жерде машинада түней салу қауіпті. Ақшаларыңның бар екенін айналаңдағылар есітті, өздерің жалғыз көліксіңдер. Сондықтан, ертерек кетіп қалыңдар, – деп қолындағы құртынан екеумізге бір-бірден берді де, ұсынған тивынымызды алып, бұрылып кете барды.

Үш ұйықтасак түсімізге кірмейтін әңгімені естіп, төбе шашымыз тік тұрып, машинамызды оталдырып қаша жөнелдік. Ол кезде бір ауылда бір қонақүй бар ма, жоқ па? Болса да өмірі босамайтын заман. Енді қайда барамыз? Ешкімді танымаймыз, ауылымыз жердің түбінде. Машинамен салдырап бас ауған жағымызға басып келеміз.

– Жанакорғандықтарды іздейік, табылса құдайы қонақпыз деп өтініш жасайық, – дедім мен.

– Иә, табылған ақыл, – деп, алдымыздан көрінген еңселі дүкеннің жанына тоқтай қалдық. Келіп-кетіп жатқан жандардан:

– Осы ауылда жанакорғандықтар бар ма? – деп екеуміз екі жақтан сұрап жатырмыз.

Бір кезде бір жігіт:

– Менің жанакорғандық бажам бар, бірақ, үйі алыста. Жақында ғана осында көшіп келген, – деді.

– Ойбай, соған жолықтыр, – деп жата-жармастық. – Далада қалатын болдық, өтініш жасап

үйіне қонып шықсақ болды, – деп асығып-үсігіп жұмысымызды айттып жатырмыз, әлгі азаматқа.

Жігіт:

– Ой, сол ма? Кеттік біздің үйге, біздің үй машина қоюға ыңғайлы, – деп көлікке үшеуміз жайғастық.

Ауылдың сыртына шығып, оқшау тұрған қазақы, төбесін қамыспен сылап жапқан қоржын тамның жанына жетіп тоқтадық. Ауылдың шыға берісінде Келес өзенінің жағасында, жолдың бойында «Келес» деп үлкен әріппен жазылған жазудың тұсында екен.

Машинадан түсімізбен жігіт келіншегіне «Құдайы қонақ келді» деп тамақ істеуді ескертіп жатыр.

Біз де сыпайы амандасып, «шай ішсек болды» деп қоямыз.

Айнала кең, ашық, көкөрай, сарқырап аққан су. Үстімізді қағып-сілкіп, өзсеге жуынып жатырмыз. Күннен атыз, бақша аралап, үсті-басымыз шаң болған, ыстық күнде әбден терлегенбіз.

Әлгі жігіт:

– Үйге жуынсаңдаршы, құманмен құйып тұрамын ғой, – деп ағынан жарылды.

Жағдай сұрасып әңгімелесіп жатқанымызда әп-сәтте шай, соңынан үлкен табакпен ас та келді. Артынан кең даладағы ағаштан жасалған сәкінің үстіне екі қабаттап салынған төсекке жатып, көзіміз ұйқыға кетті. Жол жүріп әбден шаршаған болуымыз керек, жастыққа басымыз тиген бетте қатып қалыппыз.

Қорқынышты түстен атып тұрсам, таң атып, күн енді қызарып шығып келе жатыр екен. Арсаландан бір-бірімен ойнап жүрген сүйкімді күшік пен иттің жүрген сыбдыры, ошаққа от жағуға дайындық жасап жүрген сол үйдегі келіннен басқаның барлығы ұйқыда.

Орнымнан атып тұрып, көйлегімді, нәскиімді киетін десем, екеуім де таппаймын. Әрі қарап, бері қарап болмаған соң күшіктен көріп қоямын.

Орнымнан тұрып өзеннің жағасын, үйдің артын айналып жүрсем:

– Көке, көйлегіңіз бен нәскиіңізді іздеп жүрсіз бе? Жолдасым ақ қойлек киіп шыққан екен, жағасы кіріп қалыпты, жолаушы ғой, деген соң түнде жуып қойғанмын, – деді.

Шын ниетіммен әрі құдайы қонаққа деген ықыласына риза болып, рақметімді жаудырып жатырмын, көзімнен жасым пырт-пырт шығып. Шіркін-ай, қазағымның бізге өшпей жеткен төрбиесі ғой. Бұндай әдеп пен қазақы әдет жайлы әкемнен талай естігенімді есіме түсірдім.

Әттең, көп жылдар өткен соң, жылы-жұмсағын беріп, құдайы қонағын құдайдай күтіп алған сол бір жандардың аты-жөндерін ұмытып қалғаныма қатты өкінемін. Отыз жыл өтсе де сол уақиға еміс-еміс еске түседі. Әңгімемді оқып, хабарласып жатса, тағы да алғысымды жаудырап едім.

Қонағын құдайындай құрметтеген қазағымның пейіліне екі дүниенің абағын берсін.

**Үмбет АБИДУЛЛАЕВ,
Жанакорған ауданы**

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.